



ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР УНИВЕРСИТЕТІ
КАЗАХСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ УНИВЕРСИТЕТ ИСКУССТВ

ШАБЫТ

айлық журналы
ежемесячный журнал
№15 (15) 05.10.2015



ҚАДІРМЕНДІ ОҚЫРМАН!!!!

Оку жылы бастала салысымен уақыттың зымырап жатқанын аңғарамыз. Өнер қазанында қайнап жатқан мәдени жаңалықтар топтамасы толассыз... Қазан айы да мерекелік және мәдени іс-шаралармен мазмұнды болды. Журналымыздың бүл санында назарларыңызға солардың ішіндегі маңыздысын өрі мағыналысын ұсынып отырмыз. Аталмыш шаралар жайлар жазылған мақалалар барлығыныңда да қызықты болады деп үміттегенеміз. Өткізілген әр шараға сараптама жасап, қорытынды ой шығаратын біздің тілшілердің жұмыстарын, көнілінде жүрген ойларын қағаз бетіне түсірген жандардың еңбектерін журнал бетіне шығаруға біз қашан да асықпыз. Осындай қарқынның беті толастамасын деп тілейік...

Күрметпен, журналдың бас редакторы
Гүлім КӨПБАЙҚЫЗЫ

Агалар алқасы:

«Шабыт» журналының негізін қалаған:

Сығай Ә. Т. - Қазақстанның еңбек сінірген өнер қайраткері, профессор

Мұсаходжаева А. Қ. - Қазақстанның халық артисі, профессор

Дүйсекеев К. Д. - Қазақстанның еңбек сінірген қайраткері, профессор

Негербек Б. Р. - Қазақстанның еңбек сінірген қайраткері, профессор

Мұқанова Р. К. - Қазақстанның еңбек сінірген қайраткері, профессор

Мұқышева Н. Р. - өнертану ғылымдарының кандидаты, доцент

Юсупова А. К. - өнертану ғылымдарының кандидаты

Қадыралиева А. О. - өнертану ғылымдарының магистранты, театртанушы

Редакция мүшелері:

Бас редактор: Гүлім Көпбайқызы

Тілшілер: Камила Габдрашитова

Нұрислам Әбділ

Ләззат Алпысбаева

Амина Габдрашитова

Жанат Жайлышбай

Назгүл Ақшалова

Дизайнер: Ахат Азтай

Фототілші: Досжан Аяған

Редакцияның мекен жайы:

Байланыс телефоны: +77756282848, +77024878400

Редакциялық басылым бөлімі

Мекен жайымыз: Астана каласы, Тәуелсіздік даңғылы 50, 2 кабат №237 а

E-mail: shabyt_zhurnal@mail.ru

МАЗМУНЫ

Н. Салимов	4	ЖҮРЕК САННАСЫНДАҒЫ МЕРЕКЕ
Н. Әбділ	6	СТУДЕНТ ҚАТАРЫНА ҚАБЫЛДАУ
Г. Қөлбайқызы	8	БАС ПЕН ЖАМБАС МУЖІЛІП, СОҢЫНДА ІЗІ ҚАЛМАЙТЫН ТОЙДЫҢ КЕРЕГІ ЖОҚ ДЕДІМ...
Қ. Ежембек	11	БІЗДІҢ ЖАҚҚА КҮЗ КЕЛДІ
Ә. Жүршібай	12	ЖАРАТЫЛЫСЫ БӨЛЕК «ЖАТ» ЖӨНІНДЕ...
С. Балтабеков	14	«ЖАТ» ФИЛЬМІНДЕГІ ЖАТ СЕЗІМ
Н. Ақшалова	15	ҚОҒАМ ҚАБЫЛДАМАҒАН НЕМЕСЕ ҚОҒАМДЫ ҚАБЫЛДАМАҒАН КЕҮІПКЕР
М. Әбіл	17	ҰСТАЗДА СЫР
Х. Хасамбай	18	ӘҮЕЛ БАҚЫТЫ
А. Айтжан	20	ҚАЗАҚ ТЕЛЕВИЗИЯСЫНЫҢ ТАРЛАНЫ
Ә. Ақмолда	21	АЛҒАШҚЫ РЕТ ҚАЛЛЕКЕҮГЕ БАРҒАНДА...
Қ. Елубаева	22	СЕРКЕ СӨЗ
А. Қуандықова	23	ВЕРА СМАЙЛИ АҮТҚАН ӘҢГІМЕЛЕР
Т. Бекеш	24	ӘЛИЯ МОЛДАҒҰЛОВАНЫҢ ӨНЕРДЕГІ ОРНЫ
Х. Қакабаев	26	ҰЛЫ КОМПОЗИТОРДЫ ҰЛЫҚТАҒАН ҰЛПАН...
	27	СӨЗЖҰМБАҚ
М. Қыдырбој	28	ҚАРА КИІМДІ АДАМ

Жүрек саңнасқандың мереке...

Фалым да, кеші де бас иетін үлкен құрметке ие, әрине, үстаздар. Еліміздегі барлық білім ордаларында үстаздар күні өзінше аталағы өтеді, өзінше тойланады. Ал, біздің оқу орнымыздың айтулы мерекені тойлауы өте ерекше. Өнер университеті, өнердің ордасы болғандықтан концерттік бағдарламаларды үйымдастырып, әдемі де әсерлі етіп өткізу сондай қын шаруа емес. Себебі, концерттің өтуіне үлес қосатын мамандар бізде жеткілікті. Соған қарамастан осы мейрам өте төменгі дәрежеде откенін көріп көңілім толмай, үйымдастырылған мерекелік бағдарламаға қанағаттана алмай кеткен болатынын. Концерттің басым көшілігі би өнерінің туындыларымен отті. Бұл жерде бишилдердің еңбегін бағалауымыз керек, өйткені, концерттің барлық дәм-тұзы осылар болды. Одан кейін бір-екі аспап ойналып, аяғы жалғыз ғана әнмен бітті. «Үстазға құрмет осылай болушы ма еді?», – деген ой да мениң санамнан орын алғанын жасырмаймын. Үят...

Қазақ жүртүнің тарихында Абайдан асқан дананы естігсі де, көрген де емеспін. Откен айда қазақтың дана, дара ақыны Абай Құнанбайұлының туганына жұз жетпіс жыл толуына байланысты автордың өлеңдерін оқу мүшəрасы болған еді. Бұл мерейтой біздің университетіміздегі Шопен атындағы кіші залда үйымдастырылды. Барша қазақтың үстазына айналған ұлы перзент Абайдың құрметінен үлкен залды қимаған кім екенін білмедім. Қазіргі үстаздар Құнанбайұлының қасында кім? Алып Абай Жамбылдың кен залында атап өтуге соншалықты татымайтын адам ба? Міне, біздегі үстазға деген ниет, көңіл, сыйластық осындай болса керек.

Үстаз... Осы сез қай жерде, қай уақытта, қалай айтылса да мениң есіме аяулы да ардақты, көңілімдегі қимасым, санамдагы сағынышым, өзімнің үстазым Әшірбек Сығайды салады. Аталмыш концерт өтіп жатқан кезде, сол үстазыма көңіл шерімді, штегегі ызамды, кейбір олқылыштарды айтумен, шертумен болдым. «Үстазым-ай, сіз кеткелі көп жағдай өзгерген екін. Сол көп жағдаймен бірге көп адам өзгеріпті. Көп коңыл, көп назар, көп ниет те озгерістерден тыс қалмапты. Мениң түсінігімдегі үстаз үғымының жоғарғы бағасын өзіңізбен бірге ала кеткенсіз бе деп те,

Мәдени жаңалықтар

мүн шақтым Әшекене. Сіз қандай едіңіз?! Жазып келген шығармамды талдаپ, қателіктерін көзіме көрсетіп тұрып түзеп, тапқан жаңалықтарыма балаша қуанып, сабак сонында жылы сөздерінізben ертеңгі сабаққа деген шабыттымды оятып, Шабыттың есігінен сюжет іздең шығып бара жататын күйге түсіруші едіңіз. Шәкірттерінізben кез келген тақырып төңірегінде әнгіме өрбітіп, шалыс бассақ ақылмен сабап, дұрыс жүрсек жадыраушы едіңіз. Сіз кеткен сон мениң де кейір үғымдарға деген көзқарасым өзгеріп кетіпті. Өнердегі ағаныздың, дос-сырлас арланыңыз Әкім Таразидің «жігіт» сезінен берген анықтамаесі осы тақырыпта мениң есімінен шықпай қойды. Ол кісі, «еркек біткеннің бәрі бірдей жігіт емес, алайда осы атауга лайықты бар да, тектен-тек осы атауды жамалып жүргендер бар» деген ой атқан болатын. Қазақтың «жігіт-мігіт» деген тіркес сезінің мағынасын кеңінен ашып, сіз жайлы ой жазған бөлатьын. Сол секілді, мениң ойымша «ұстаз-мұстаз» деген тіркес бүгінгі күнге керек секілді. Өйткені, ұстаз сезінен сіз секілді лайықтыларды, ол сөздің қадірінен жетпейтіндерді де көріп журмін. Шабыттыма қанат бітіретін сәт тосып, өнөр айданындағы тұрған орнынан жетелеп алға қарай ала кететін толқын күтіп зарығып кеттім. Сіз бар кездегі қанағатшыл қоңілдер бұл күнде болып жатқан әр түрлі жағдайларға байланысты өзгерістерге ұшырап жатқанын байқаймын. Жетісіп жүрген ешкім жоқ, бәрінің мұны, қындығы мен жан арпалысы бар. Шәкірт жанын үгатын, іні қоңілін сезетін, дос жүреғіп түсінетін бір адам бөлсағой. Қайран, ұстазым-ай, қадіріңізді кеш білсем, шала қоңілімді кешіңіз, бағаңызды білмесем, бала жүргімді кешіріңіз. Бүгін ұстаздар күні ғой, ол мениң қоңілімдегі сіздің күніңіз ағай, мерекеніз құтты болсын!», – деп ойга шомып өтырганымда, концерттің де аяғына жетіп қалыптыз. Концерттік бағдарлама сондай қоңілсіз, ал қиялымдағы сырласу аса қуанынты болды. Ұстаздар мейрамы Жамбыл атындағы үлкен залда, ал сіздің мерекеніз мениң кішкене жүргімде тойланып өтті. Мен сізді сағынып кеттім...

Нұржан САЛИМОВ,
«Театртану» бөлімінің 2 курс студенті

Студент қатарына қабылаң

Қазан айының он бесінші жүлдзызы. Біздің университетіміздегі барлық бірінші курс студенттері үшін осы күн мерекелі кеш болмақ. Себебі, оларды студент қатарына қабылдамақшы.

«Оқушы», «талапкер» деген атаудан «студент» деген сөзге ауыспак. Бұл сөздің астарында «...ізден, оқы, ойлан, еңбектен, дайындал, жатта, т.б. сынды өзіңе-өзің талап қой, қамшыла» деген ой жатыр. Демек, кешегі ыстық тамақ, жылы үй, аялы алақан, салулы төсек, сары май мен сүтті шайдың көзден бұлбұл үшқанын аңғартады. Ендеше, еркелік пен тентектіктің артта қалғаны міне, осы. Өйткені, сенің арқаңда ата-анаңың ары мен ауыл-аймағының аманаты жатыр. Сен окуга түсіпті дегендеге тілеуінді тілеп, келешегінен үміт күтіп, саған батасын берген солар. Сондықтан оқуыңа бей-жай қарауына сенің ешбір қақың жоқ. Тек сенің хақың бар нәрсе ол – оку.

Ал қолыңа берілген көк кітапша нә екенін білесің бе? Бұл – сенің толыққанды окуыңа ешкім кедергі келтірмеу үшін тарту етілген төл құжат, тікелей ертеңгі өмірге берілген жолдама. Жолдаманың жөні осы екен деп, жөн-жосықсыз жүре бермегенің жөн. Жолдама жолынды ашатын сиқырлы таяқша емес, сені ұзак жолға жетелейтін жалғыз жолсерік. Оның саған адап болуы тікелей сенің адап болуыңа байланысты. Ол үшін еңбек, тәртін, төзімділік қажет. Яки, жолдамаға деген адалдығың мамандығыңа деген махаббатыңмен өлшеңектінін ұмытпа. Міне, бұл білуіңе тиісті бірінші мәселе.

Екінші мәселе, өзіңе емес өзіңдегі өнеріңе қызмет ет. Сонда ғана серпін мен шабыт тудыра отырып іздеңесін, оқисын. Өнерді сүйсен, ол сені сүйеді, оған жақындасан, ол өзің ынтық, ғашық етеді. Міні, өнер сонысымен жанды, сондықтан да киелі құбылыс. Өнеріңнің өміршеш болуы да өз қолында екенін ескергенің абзал.

Үшінші, түйткілді білмestен білек сыйбансаң, білімсіздің күнін кешіп, білгеніннің құны бес тыны болары анық. Бұл – «адасу». Сен осы өнерден тазару (катарсис) арқылы ләззат алсаң, анығында аяғынды ағат баспағаның. Ал, қанша құлышынсан да құр терлеп, бос әуреге түссен, онда опық жегенің осы. Себебі, әлдекімнің ықпалымен жолдама алғандар жолда қалу қауіпі барын қапелінде сақтап, сақтық шарасын қамдағаны жөн. Сақтану ол сатып алу, саудаға салу емес, о баста кеткен кінәрәттің кілтін табу.

Кеште жүргізуші болған Дәулет Бижанов пен Жасын Қанбаев сұырып салма сөйлеу мен табан асты интермедиалардың түр-түрін көрсетті. Биылғы білімгерлер өз қабілеттерін ортаға салды. Солардың ішінен театрлық қойылымға құрылған көрініс арқылы дарындарын паш еткізуде хореография бөлімі мен қуыршак театры студенттері және қыл қалам иелерінің өнері сауатты болды. Вокалдық әншілер мен дәстүрлі өн орындаушылар ерекше ықыласқа ие болса, әр түрлі аспапта ойнаушылар жұрт қошеметіне бөленді. Алмас Кішкенбаев пен Ағайынды Жүгінісовтердің, сонымен қатар түнгі студиядағы ансамбльдік топтың өнер көрсетулері мерекелік думанға арай кіргізді. Бір сөзben бүгінгі кеш жастар талабына сай, қызықты өткен кеш болды.

Құрметті білімгерлер, студент атануларының құтты болсын! Құрметпен, барлық үлкен курс студенттерінің атынан сәттілік тілейміз. Жолдамаларыңыз құтты болсын!

Мәдени жаңалықтар

Назарларыңызға айтулы кештен суреттер
топтамасын ұсынамыз...



Нұрислам ЭБДІЛ,
«Театртану» мамандығының 3 курс студенті

Бас пек жамбас мүжіліп, соңында әзі қалмайтын тойдаң керегі жок дедім...



Откен аптада тарихы тұнған өлкө Ақжайықтың бойында үлкен театр тойы өтті. Ол белгілі жазушы-драматург, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Раҳымжан Отарбаевтың атындағы Халықаралық театр фестивалі. Бір аптаның аясында Атырау халқының дүркіретін өткізген шарасына жазушының шығармалары, еңбектері мұрындық болды. Арнайы елордадан барған сапарымызды пайдаланып, фестиваль иесімен сұхбаттасқан едік...

- Раҳымжан аға, еліміздегі соңғы ауқымды мәдени шараның бірі өзініздің атыңында өткізілген халықаралық театр фестивалі болды. Бұл фестивальге тікелей сіздің шығармашылығыңыз арқау болғаны айқын.

Шымылдығын түрген айтуды өнер мерекесімен өзінізді құттықтаймыз.

- Үлкен раҳмет.

- Кеңірек тоқтала өтсөніз...

- Атырау облысының өкімдігі, әдебиет басқармасы жыл басынан бері қарожатын қарап: «Раҳымжан, сенің бір тойынды жасап берейік!» деп жүрді. Киіз үйді тігіп, ат шаптырып, қойдың жамбасын мүжи отырғанмен артында еш ізі қалмайтын тойдың керегі жок. Жасасандар, театр тойын жасандар. Бұл өзіміздің мәдениетке, рухани баюымызға бірден бір әсер ететіні сөзсіз. Менін пьесаларымды қойып жатқан театрларды шақырайық, соларды күтейік, өнеріп сарапқа салсын, марапатын алсын, міне сонда біз болып, сіз болып қазақ руханиятына жасаған иғі ісіміз болсын дегенім есімде. Жақсы деп келісімдерін берді. Алдымызда біраз тойлар өтті. Мәселен, қазақ хандығының 550 жылдық мерейтойын өткіздік. Содан кейін, міне Атырауда Раҳымжан Отарбаевтың Халықаралық театр тойы басталды. Үлттық театрымыздың кара шанырағы Әуезов театры бастаған қазақтың он театры атсалысты. Қырғыздың академиялық драма театры, Монголдың Баян Өлгей аймағынан келген театр да өнерлерін ортаға салды. Сонымен он екі театр мәреден кетіп, сөргеге де жетті. Ен үлкен қуаныш – араласы-құраласы саябырып кеткен заманда үлкен театр қайраткерлері бас қосып, пікір алмасты. Қойылған пьесалар сараптамаға салынды. Жетістігі мен кемшилігі жіліктеніп айтылды. Міне, бізге ен керегі осы еді. Өйткені, бұл жерде қазылар алқасының төрағасы болып әйгілі Асанөлі Әшімов отырды. Бүкіл елге танымал қайраткер, үлкен тұлға Есмұхан Обаев болды. Мәскеуден «Художественная литература» баспасының директоры, орыстың атақты жазушысы Григорий Пряхин, Түркиядан Еуразия Жазушылар Одағының төрағасы Якуб Өмероглы, қырғыздан Қырғыздың еңбек сіңірген артисі С. Одуракаев, Монголядан ақын Сұраған Раҳметұлы арнайы келді.

- Географиялық ауқымы кеңірек боды дейсіз ғой...

- Иә, Халықаралық фестиваль болғасын қазылар мүшесінің де солай болуы шарт. Бұл өнер қайраткерлері жаң-жақтан басқа театрларды көрді, ендігі мақсат осы жандардың қазақ театр өнерінің денгейі қандай екенін саралауында еді. Мәскеуден белгілі бір театр бір пьесамды қабылдап алдып, қойып жатыр. Өкінішке орай, бұл жолы үлгермеді. Мінекей, осындаі мықты құраммен келген, өнердің биігінен көрініп жүрген өнерпаздар Атыраудың топырағын аспанға бір көтеріп кетті. Куаныштысы күніне екі спектакльден жүрді. Алты жұз алпыс орындық театрдың залына халық сыймай отырды. Бұл жоғары сез?! Бұл біріншіден, халықтың театрға деген махаббаты қайтадан оңды деген сез. Әсіресе, жастар жағы көп. Оларды ешкім зорлап әкеліп жатқан жок. Аудандардан

арнайы Жәңгір ханды, Махамбетті, Бейбарысты, Мұстафа Шоқайды көреміз деп ақсақалдар келді.

- Сіздің шығармаларыңызда тарихи тұлғалардың галереясы жинақталған. Мәселен, өзіңіз айтқан Бейбарыс, Жәңгір хан, Мұстафа Шоқай, Сырым, сол Махамбет, Исатай, Абай... Бұл тұлғалардың бейнесін сахна төріне шығару драматург ретінде міндетім деп санайсыз ба? Әлде тарих беттерінде қалдыру парызым деп есептейсіз бе?

- Бір қызық айтайын. Сексен бесінші жылы Жас Алаш газетіне Мұстафа Шоқайды сол кездегі екпінмен сатқын деп жазып жіберілген. Уакыт өте ойланым... Апыр-ай, заман ауды, қандай тұлға болғанына енді көзім жетті деп. Үят жасаған екенмін деп жүргенімде, Қызылорда театры, халық Мұстафа Шоқай жайлы жазып берсөн деп өтініш етті. Екі жыл толғанып жүрін, қарама-қайшы ойлардан өттім. Не керек, жаздым. Бір ауыз қағыс сөзіме үлкен кешірім сұрадым. Тарихи тұлғаларды жазу барысында мен оларды көтерген жоқпын, керісінше сол ұлы тұлғалар мені кетерді. Өйткені, Бейбарысты, Мұстафа Шоқайды, Темірбек Жүргеновты қазақ сахнасынан бірінші алып шықтым. Кино өнөріндегі бейнелерін айтпаймын, әрине. Киелі, қасиетті сахнаға алып шығуым менін үлкен бағым деп есептеймін. Оларға қасиетті сахнада жан бітіру менін жазушылық парызым.

- Оқырмандарыңызды алда қандай жаңа туындыларыңызбен қауыштырасыз?

- Ойымда әлі де жазу керек деп жүрген біраз шығармалар бар. Мәселен, Сәкен мен Галина Серебрякованың тағдыры жайлы сыр шертетін Сәкен Сейфуллин турасында жазу үстіндемін. Бұл өте қызықты тақырып. Театрдың директоры болған адаммын, сондықтан ішкі кухнясын жақсы білем. Осыған орай арнайы «Актриса» деген пьеса жазғам. Оның кейіпкерлері, кәдуілгі театрдың директоры, бас режиссері, театр артистері, театр сыншылары. Осылардың жан дүниесінә бойладым. Осы күнге дейін он жеті пьеса жазылғын. Тағы бір пьеса жазу ойымда жүр. Ол да мына актердің немесе актрисаның, болмаса режиссердің тағдырына қатысты. Өйткені, актриса я актер ана рөлді бір, мына рөлді бір ойнап содан шыға алмай жүреді. Адамның тағдыры өзгеріп кетеді. Психологиялық түрғыдан өз тағдырын жоғалтып алады. Көрдіңіз бе?! Астары қыын. Әрбірден соң адамзаттық проблема. Өйткені, актер тек сахнада ғана емес жер бетіндегілердің бәрі актер. Ойнайды өзінше. Олар да өздерін жоғалтып алуы мүмкін гой. Біз дүниеге пәк, таза сәби болып келдік. Бірақ, біз неге әбден кірлем өлеміз? Ол өзімізден, өмір сүрген қоғамымыздың кесірін. Өтірік айтамыз, жалған сейлейміз, алдаймыз, қомағаймыз... Осы жолда Абай айтқандай, «Көп адам дүниеге бой алдырган, бой алдырып, аяғын көп шалдырган». Біреудің аяғын шаламыз. Біреу жағымпаз болып кетті? Біреу жан үшін емес, мал үшін дос болып жүр? Не үшін? Әлди-әлдімен тудық емес пе? Мінә, осы мәселені сахнадағы актер өмірімен ғана байланыстырмай астарлы түрде қоғамдағы өр қайсымыздың орыннымызды көрсету жоспарымда бар. Жалпы, кез келген шығарманы, әнгімелерді, повестерді адамзаттық проблеманың бір үшінші байланыста болмайды. Көбі айтып жатады, прозалық шығармаларымды қысқа деп. Көп сөзсіз ақ, бәріп сыйғызуға болады. Ол біраз адамның қытығына тио де мүмкін. Шығармаларымды оқып, халық жауы деп жүргендер көп. Неге десеніз, ылғи қазакты масқаралайды да отырады деп. Ал менің мақсатым осы бір астарлы ойлар арқылы бойына жүқтүрып алған кесаптардан, кінәлар мен күнелардан арылса екен деп ойлаймын. Аяғын тарта бастаса екен деп ойлаймын. Мен шығарманы аяғына дейін езіп, оқырманның аузына



салмаймын. Біздің халық бай болып, мұратына жетіпті дегенге үйрәнін қалған. Әй, көке оқып отырған адам ары қарай ойлану керек қой. Жанын қинау керек. Әйтпесе, фотога түсіргендей суреттеп берсем, менің жазушылығым бес тын. Ой салмасам, қайғы алдырмасам. Жұмекенін сөзі бар: «Ақылдыға қайғы алдырсам деп едім, ақымақты ойландырсам деп едім». Шығармашылық адамның міндегі де сол болса керек.

- Эдебиет қайраткерлерінің тарапынан оң бағаға ие болып жүрсіз. Өнер жолында аға деп сыйлар, үлгі тұтар адамыңыз бар ма?

- Әлбетте. Әбіш Кекілбаевтан сөзді қалай қолдану керек, қазақтың сөзі арқылы өз-өзінді қалай байыту керек екенін үйрәндім. Әбіш ағанын сөз қолданысы сұрапыл ғой, ғаламат қой. Оны жасырмаймын, өзіне де айтқанмын. Ал, Әбдіжамал Нұрпейісовтен сол сөзді стильге салған кезде қалай бабына салу керектігін үйрәндім. Сол Әбдіжамал ағадан көбірек үйрәнсем керек, өз өзімнен сөз қызғанатын дөрежеге жеттім. Мен біреуден сөз сұрайтын адам емеспін. Қазақтың қара сөзін жетік менгерген жанмын. Бірақ, ұлы байлықты шашқым келмейді. Былапыттағым келмейді. Қадірін түсіргім, аяқ асты қылғым келмейді. Сондықтан әбден сыйындал, санап қолданам. Сөз сөзге көлеңкесін де, жарығын да түсіріп тұрады, айналайын. Сөз – киелі, жанды құбылыс. Онды-солды сапыра беруге болмайды. Сенімен қарсыласады. Сол қарсылығын жену керек. Қарсылығын женбесен жазушы бола алмайсын. Ал қарсылығын жәндім деп, қой айдағандай айдай берсен шаруанның біткені. Сондықтан сол киені түсірмей керек. Дүниенің бастауында сөз тұрғанын ұмытпаған абзал.

- Дұрыс айтасыз. Ағай, өзініздің қаламыңыздан туған «Нашақор туралы новелла» пьесаңыз еліміздің, шет елдің сахналарында көптеп қойылды. Әлі де жалғасын тауып келе жатыр. Соның бірі елордалық К. Куанышбаев атындағы қазақ музикалық драма театры. Премьерасын көрдіңіз. Фестивальге де қатысты. Автор ретінде қалай қабылдадыңыз? Басқа театр ұжымдарынан ерекшелегі неде?

- Біріншіден, мен сахнаға араласпайтын, премьераға бірақ баратын адаммын. Әйткені, әр спектакльдің басы-қасында жүретін режиссер бар. Жағаласуға болмайды. Жүрегі лұпілдеп тұрған актердің талабын қайтаруға болмайды. Драматург қашан да шикі материал береді. Ал оны қимыл-әрекетке салатын, аударып-тәнкертін режиссер. Ол кәсіби маман. Сондықтан бір шығарман әр театрда әр түрлі шешім тауып жатады. К. Куанышбаев театрының бір ерекшелігі актерлік құрамын, шығармашылық ұжымның кәсіби деңгейінің мықтылығында. Мейлі, Тілекtes ойнасын, Ақыш Омар ойнасын әр қайсысын ерекше қабылдайсын. Және бұл жерде режиссердің әдемі шешімі бар. Мойныңдағы галустугы ешқашан қисаймаған жан жаны қысылғанда өліп бара жатқан баласына еріксіз наша ефеді. Міне, шарасызыңы... Жалғыз ұлдың жолында ң істемейсің? Ен мықты шешім. Бұл театр әр қойылымдары сайын осындағы профессионалдық деңгейдің жоғары сатысынан көрініп келе жатқан ұжым. Жоғарыда айтып өткенімдей, өте кәсіпқой, мықты, қуатты, профессионалдық деңгейдегі театр ұжымы. Мұндай қасиетті шаныракта мықты мамандар болмаса, Әзған арнайы келмес еді ғой. Жиырма бес жыл біреулер үшін аз көрін... Алайда, театр үшін шежірелі, үлкен уақыт. Мерейтойларының күтті болғай. Ұлттық театрдың туын қашан да биктен желбірете берсін.

- Рахмет!

Сұхбаттасқан: Гүлім КӨПБАЙҚЫЗЫ,
«Кинотану» мамандығының 2 курс магистранты
профессор Б. Нөгербек шеберханасы

Біздің жаққа күз келді

Ала көбенін оянып,
Есіне мені алдың ба?
Жапырақ біткен боялып,
Жатқанда құлап алдыңа.

Мөлдір шық тұнған жанаға,
Жасыңды қалай тиясың?
Дүдәмәл, дүмшес ғаламда,
Қол жетпейтін қия-шың.

Сары ала қаздай саңқылдал,
Төбемін ұшып өттің бе?
Мангаз далаңда ән тыңдал,
Арман-жолына жеттің бе?

Қайдасың қиял, биігім?
Болмап ем, саған мен бөтен.
Жанымның қалай күйігін,
Жат мекенге жөнелтем?

Таба алмай сені қияндан,
Сағыныш дерктек толды ішім.
Жақын келуге ұялған,
Жап-жарық дегдар болмысым.

Қыр-дала еккен гүлсін бе?
Байқатпай көмер іздерді.
Сарғайып жаным жүрсін бе?
Біздің жаққа күз келді.

Куат ЕЖЕМБЕК,
Астана қаласы Қырышқақ театры
«Әдебиет» бөлімінің менгерушісі

**Жарапиши болек «Жат»
жөнінде...**

Ермек Тұрсынов танымал кинотуындылардың авторы болып саналады. Оның көпкө ұсынған фильмдері пәлсапалық тынысымен ерекшеледі. Бас кейіпкерлері қatalдық пен іштей курс жүргізуге қаухарлы. Сондықтан режиссер бас қаһарманның ішкі психологизіміне терең үніледі. Бұл режиссердің өз фильміндегі шоқтығы биік жарқын қолтаңбасы іспеттес. «Келін» болсын, «Шал» болсын өз кезектерінде қоршаған ортадағы «тұрақсыздықпен» күрес жүргізеді. Тұрақсыз деп отырғанымыз, озгерген өмірін қалпына келтіруге тырысу. «Жат» тарихи драмасы режиссер фильмографиясының ішінде шоқтығы биік кино туынды. Жақындаған жарық көрген көркем фильм жаңа деңгейдегі бас қаһарманның пайда болуына себепкер болып отыр. Себебі, ондағы бас кейіпкер Илияс бейнесі ешқандай фильмде кездеспеген жарқын образ болып саналады.

Тарихи фильм түсіру айтарлықтай оңай шаруа емес. Себебі, кез келген тарихи фильм өткен қоғамның бейнесін белгілі бір фактілерге сүйеніп, нақты әрі шынайы көрсетуі тиіс. Қоғам көрінісі мен сол ортадағы өмір сүрген адамдардың іс-қимылды мен әрекетін байланыстыра көрсету шеберліктің белгісі. «Жат» фильміндегі уақыт Сталиндік саяси ұжымдастыру,



репрессия, ашаршылық, Ұлы Отан соғысы секілді қасіретті кезеңдермен қамтылған. Туындыдағы тарихи оқиғалар кезек-кезек жалғастық тауып, көркемдік деңгейде үйлесім құрады. Бас кейіпкер қоғамда болған өзгерістердің арқасында ер жетіп, сана қалыптастырады. Экрандағы Илиастің ішкі болмыстық бейнесі сыртқы фактурасына қарағанда әсерлі әрі шынайы шыға білді. Қасіреттің дәмін ерте татқан бала айналасында орын алғып жатқан жайттармен танысып, хабардар болуға асықпайды. Оның бар амал мақсаты – өзінje жақын адамдарға көмек көрсету ғана. Кейінкер еркін жан. Ол ешкімге әрі еш нәрсеге тәуелді емес. Фильмдегі бас кейіпкер бейнесінің ерекшелігі осында. Ол адамзат заңымен емес, табигат заңымен өмір сүреді. Осындағы нақты әрі көркем бояулар фильм ажарын ашқандай. «Жат» фильмі жұмбақ тынысымен, күрделі кеңістігімен, терең ойлылығымен есте қалары сезсіз. Киноның мағынасы мен нақты идеясын ұғынып түсіну үшін сыртқы құрылымына зерсалып бақылау аздық етеді. Сондықтан, фильмнің ішкі құрылымы мен ішкі пәлсапалық ойды аса ұқыптылықпен санаға түйген дұрыс. Себебі, кино туындының өзіндік идеясы азапты жылдарды астарлы жеткізе отырып, тың серпілісті өнер лебін талғампаз көрермен назарына ұсына білуінде. Расында бас кейіпкер Илияс сырт көзге жағымсыз қаһарман болып көріні үміткін. Өйткені, қоғамнан алшактап кеткен кейіпкер жабайы адамның прототипіне еніп отыр. Режиссер оның қоғамнан алшак

өз тылсым әлемінде қалыптасқанын радионы қоса алмау, қуат күші таусылып қалсажаңасын сатып алу секілді кішігірім детальдар арқылы да көрсете білді. Сауаты жоқ болғанымен, оның сауаттылығы табиғаттың сырын адами тұргыда ұғынуы деп түсінеміз. Кейіпкерге табиғат басты ұстаз. Табиғаттың туабітті перзенті Ілияс фильмнің күретамыры іспетті. Оның жанашыры да, сүйеніші де, жұбанышы да, қуанышы да – Табиғат-Ана. Фильм финалына дейін барлық кейіпкерлер ақылды, тек Ілиясты сауатсыз етін көрсеткен. Режиссер фильмнің финалында осы түсінікті бір ғана кадрмен жоққа шығарады. Ілияс мына өмірден кетер алдында зиялды адамдарша тұлғалы пішінде таза киімін киіп көз жұмады. Кино сырын түсінір, қатпарына үңдер жан болса осы бір эпизодтың өзінен «Тұрсыновтың» тылсым ұғымдарына сапар шегері сөзсіз. Таптауырындылықтан қашып, табиғат заңына бой ұрып, қоғамда өз жолын қалыптастыруға тырысатын талай тұлғаның қадіріне жетпеген замана ақықатын бейнелеғен сынды өсер қалдырады. Дәл осы эпизод фильмнің нұктесін қойып отыр. Режиссердің терең мағынаны бір ғана көрініспен көрсетуі аса шеберлік пән ішкі ойдың тереңдігін талап етеді. Бас кейіпкердің жабайылықтан жаңа бейнеге ауысып көз жұмыы ол бүгінгі болашақтың көрінісі.

Жанр жағынан фильм тарихи кино қатарына жатады. Осы жанрга сәйкес элементтер де кездеседі. Алайда, режиссер тарихи фильм жанрының заңдылықтарына іштей қарсылық танытады. Тарихқа қарағанда ол кейіпкердің ішкі және сыртқы бейнесін көптеп көрсетуді көздеген. Көп тарихи фильмдер кейіпкерлері қоғамдағы тарихи оқиғамен негізделген мінезді терең ұстайды. Ад «Жатта» мұлдем басқаша. Тарихи оқиға тек жанамаланып қана көрсетілін, кейіпкер бейнесі терең зерттеліп, зерделеніп сипат табады.

Операторлық жұмыстың жетістіктерін айтып өткен жөн. Себебі, режиссердің айтпақ ойын экранда көрсете білу өте жауапты іс. Пландар мен ракурстардың жүйелілігінің аркасында өдемі көз тартар көріністер аз болған жоқ. Табиғаттың әсемдігін, тоз-тозы шыққан ауыл көрістерін ойдағыдай көрсетті. Әсіресе, жас Ілиястың арқар аулап жүргендегі камераның жылдам жылжуы өте сәтті шықаны сөзсіз, ері есте сақталатындағы көрініс деуге негіз бар. Расында, операторлық жұмыс фильмнің мағынасының сырттай ашылуына ықпал жасайтын маңызды фактор. Ауылдың көрінісін нақыштаған эпизодтар алдымен фильмнің мағынасының ашылуына жұмыс жасаған. Камераның баяу жылжуы көрерменің бойы қатал заман өлеміне еніп кеткендей өсер қалдырады.

Жалпы, Ермек Тұрсыновтың фильмдеріндегі кейіпкерлер табиғатқа жақын. Тек табиғаттың заңына ғана бағынады. Сонысымен ол өзіндік нақышын қалыптастыра білді. Табиғат заңы адам заңына қарағанда тұрақты әрі қатал. Режиссердің өмірлік ұстанымы мен көзқарасы кез келген фильмінде анық ангарылады. Өнөрге шынайы баға беру әр адамның рухани парызы.

Әбдімәлік ЖУРШІБАЙ,
«Кинотану» мамандығының 3 курс студенті

«Жат» фильміндең жат сезім

Қазақ киносының қоржыны тағы бір фильммен толықты. Фильм «Жат» деп аталады. Фильм басталысымен-ақ ашаршылық пен соғыс жылдарын бейнелейтінін бірден түсіндік.

Әке мен баланың күн көріс қамымен тіршілік жасауы ашаршылықты, сонау қын-қыстау кезең екенін ұғындырды. Қам-қаперсіз әкелі-бала үйіктап жатқан тұста, жаттың қолында кеткен әкесі қайтып келмейтінін түсінді. Оның алдында ауылдастары үйіне шақырып бақты. Ілияс көнбеді. Экесінің аң аулаудағы тәсілін үйренген бала Ілияс аңшылықты жанына серік етін, олжасын әр отауга үлестіріп жүреді.

Ашаршылық, қын-қыстау кезең, жоқшылық. Бұл нәубет адамзат жасаған іс. Аң емес, адамның ісі! Фильмді қарап отырсақ, қазақ халқы үшін ғана емес жер-жүзін өзінің әмірін жүргізғісі келетін «еврей» деген халық бар. «Жат» шынымен кесес үкіметінің идеологиясын тықпалаған, түсініксіз детальдары бар фильм. Аяушылық тудыратын көріністердің жоқтығынан фильм қын-қыстау кезенді ашып көрсете алмады.



Ермек Тұрсыновтың аты шулы «Келіні», қойды босандырган «Шалы» көптің көңілінен шыға койды дегенге мен сенбеймін. Фильм түсіру арқылы жүлдені көксеген Ермек мырза, интимдік жерлерді ашық корсетуді өбес санамайды. Бұл мениңше қазақтың менталитетіне жат. Эйтеуір, онға бағыт алғандай кейіп танытып, солға қарай жүретін «тұлқі детальдерін» қосып отырады.



Мәселен, мына бір көріністі алайық. Соғысқа шақырту алған Фани Ілиясқа: «...кеттік соғысқа» дейді. Ілияс оған: «...адамға қарап оқ атпаймын» деп салқын жауап қатады. Фани: «...әлар адам емес, жау!» деп, өз отбасында жаттың, ягни өзі айтқан жаудың қыздарын асырайды.

Эрине, Оскар жүлдесін алу үшін ұтымды тұстары бар болуы мүмкін. Бірақ, мениңше қазақ үшін түкке тұргысыз фильм. Фильмде мейірімді, кішінейіл, қазақтың балаларына қамқорлық көрсетін жүрген, ұлтты еврей Шамис деген кейіпкер әлемге танымал атақты суретшінің туындыларын көрсетіп отыратын бір көрініс бар. «Көңілдері шат», «қарындары тоқ» балалардың сондай өнерге деген қызығушылығы сол қын-қыстау заманда қайдан болған деймін де! Бұл көрініске озге ел болмаса, қазақ сенбес!

Фильм сонының біту сәті тағы да сол Шамиске бүйірган. «Менің Құдайым, егер сен мені көріп тұрсан мынаны айтшы. Бостандық беру үшін сен адамнан неге көп нөрсе талап етесің?» дейді. Бұған қоса, қазактың баласы Илиястың қолына ұсташан алты жүлдышы да қазақ үшін «жат» белгі еді. Басты кейіпкер Илияс жерге құлап қалған кезде, түсінде айналасында жүрген адамдарды, о дүниелік болған әкесінің кезінде ұлына «Адам бол!» деп айтқанын және балалық шағын көреді. Сол көріністе жанып тұрган шамдар бір мезетте өшеді де қалады. Осы көрініс арқылы Илиястың ғұмырының аяқталғандығын түсінуге болады. Режиссер бұл тұсты жақсы жеткізген.

Фильмдегі кейіпкерлерге қарасақ, аштықта емес тоқшылықта ғұмыр кешіп жатқандай әсер қалдырады. Актерлер дұрыс таңдалмаған. Олардың шеберлігіне ешқандай шубә келтіріп отырғаным жок. Кейіптеріне, сырт тұлғасына қарасан, сондай әсер қалдырады. Грим дұрыс жасалмаған. Қалжыраған, әбден зэтте болған жан бүнда көрінбейді. Сондықтан, мұлде нағымсыз шыққан.

Ермек Тұрсынов ашаршылық пән соғыс кезеңін, одан кейінгі жылдарды ала отырып, қарапайым адамдардың сол кезеңдердегі тағдырын айтқысы келгенімен, айтартықтай әсер қалдырмады. Фильмнің өн бойынан үнемі жаттық сезіліп тұрады.

Серікбай БАЛТАБЕКОВ,
«Кинотану» мамандығының 2 курс студенті
өнертану кандидаты, доцент Н. Мұқышева шеберханасы

Жат қабылдамаған кемесе қабылдамаған кейіпкер...

Кинорежиссер Ермек Тұрсыновтың «Жат» атты жаңа қоркемсуретті фильмі (Сценарий авторы және қоюшы режиссер – Ермек Тұрсынов, продюсер – Қанат Төреңбай, қоюшы-оператор – Мұрат Элиев, қоюшы-суретші – Александр Ророкин) үстіміздегі жылдың қыркүйек айында Алматыда откен XI «Еуразия» Халықаралық кинофестивалінің конкурстың багдарламасында көрсетіліп, басты рөлді сомдаган Ержан Нұрымбет «Ең үздік ер адам ролі» аталымы бойынша жүлдеге ие болғаны мәлім. Сондай-ақ, «Горонто 2015» Халықаралық кинофестивалі аясында әлемдік тұсаукесері өтті және Американың кинематография онері және гылым академиясының «Оскар» сыйлығына «Шет тіліндегі үздік фильм» номинациясына ұсынылғанын да айтпа кеткен жөн.

Кино мамандары мен көрермен тарапынан әрқиылдырылған «Жат» фильмі туралы кинотанушы-студенттердің де айтарты бар. Төменде жас кинотанушылардың атап мәншет шыгарма туралы козқарасын ұсынып отырмыз.

Фильм туралы әрқиылдырылған, әртүрлі көзқарастың болғаны өте жақсы. Өйткені, осындағы қақтығыстардан кейде тың ойлар туындалған жатады. Бұндай пікір-таластардың кино өнөрі үшін пайдасы болмаса, зияны тимесі анық. Елімізде түсірілғен әрбір жаңа фильмнің қоркемдік деңгейі, жалпы ол шығарманың үлттық кино өнөрінде алар орны қандай деңгей сұраптарға жауап іздеу «Кинотану» бөлімінде оқып жатқан студенттер үшін өте қызықты әрі маңызды. Курстастарымызбен әдеттегідей пікір-таластымыздың осы жолғы басты нысаны – «Жат» фильмі. Қазір ғана группаласым Айбар фильмді көріп шықты. Мен үшін оның фильмнен алған алғашқы әсері туралы білу қызықты:

- Айбар фильмді көрдің, қандай әсер алып отырсың?

- Керемет әсер алдын дей алмаймын, оқиға желісі түсінікті, көрерменге арналған фильм.

- Басты кейіпкердің бейнесі сенімді болды ма?

- Иә, соны айтайын деп отыр едім. Кейіпкер – мінезді, фактуралы. Бірақ, жабайылық немесе бір қорқыныш туғызбайды. Нактырақ айтқанда, жабайылық жетіспеді. Сондыктан, режиссердің басты кейіпкерді суреттеудегі мақсаты орындалмады деп есептеймін. Негізгі идея қофамда қабылданбаған және қофам қабылдамаған кейіпкер жайлы. Қофам Ілиясты қабылдамады дегенім, ауылышта өткен жиналысқа қарап тұрған Ілиясты халық тепкіге алады, ал оның қабылдамағаны жат болып кетуінде, соғысқа бармай, Сталиннің кім екенін білмегендінде болып тұр.

- Ашаршылық болғанын қалай көрсетті, жалпы өзінде түсінікті болды ма?

- Әрине, бірінші кадрдан бес миллион халықтың қырылғаны жазылады, тағы бір кадрде әкесімен тышқанды аулап отырғанын көреміз, енді осыны ашаршылық демеске болмайды ғой.

- Қызықты кейіпкер кім және ұтымды әдіс деп қай көріністі айта аласың?

- Әлгі дүкен алдындағы әйел – қызықты кейіпкер. Оны көрген Ілияс өз үнгірінде алып барғаны және ары қарай не болары мені қызықтыра тұсті. Ойланып қарасам, екі кейіпкер де елінен жат екен, сондай-ақ режиссер соғыс кезінен кейінгі жылдардағы адамдардың ішіндегі салынғанын айттып отыр. Бұл әдісті ұтымды көрсеткен.

- Қария Ұбырайдың бейнесі жайлы қандай ой түйдің?

- Режиссердің бұл кейіпкердің енгізгені өзінің жанына жақын ұлт өкілі болғандықтан шығар, сір? Ең алдымен, Ұбырайдың ұлты – еврей. Ал, олардың өмірге бейім халық екені бізге жасырын емес. Мысалы, олар – өте білімді, сабырлы. Сондай-ақ, олардың басым көшілігі қазіргі танға дейін дәулетті болып келеді. Бұл қасиеттер бізге артық емес.

- Алты бұрышты Давид жүлдізының Ұбырай қария Ілиясқа неліктен ұсынды деп ойлайсың?

- Бұл еврей халқының діни көзқарастарына сәйкес белгі. Басқаша айтқанда, бойтұмары секілді. Ол осы бойтұмардың мұрагері ретінде Ілиястан басқа ешкімді көрмеді.

- Ілияс пен Кемшаттың арасындағы байланыс сезілді ме?

- Иә, олар кішкентай кезінен бір-бірінде құштар жандар, амалсыздан екі жаққа айырылғаны бізге мәлім. Соған қарамастан, сезімдері суымағанын шебер жеткізе білді деп санаймын.

- Фильмде өзінді ойландыратын тұстар кездесті ме?

- Сандырақтап жатқан Ілияс бақсының қарқылдап құлғенін көреді. Өмірінде орны бар адамдардың отты айнала жүгіргендегі көрінісі сюрреализмге жақын. Режиссер ислам заманына дейінгі қазақ мистикасымен европаның бейнелемесін араластырған. Ерте заманда бақсылар отты киелі деп түсінген. Бұл нағым бізде әлі де бар. Екіншіден, шамдардан жасалған үшбұрыш, оның ортасында тұрған шенбер Еуропа бейнелемесінен хабар береді. Негізінен, бұл геометриялық сзызылым көп жерде кездеседі. Бірақ, бастапқыда Еуропадағы құпия бірлестіктердің танбалары ретінде қолданылған. Өз алдына осы танбаның фильмде көрсетілуі режиссердің жеке көзқарасы деп ойлаймын.

- Рахмет!

Назгүл АҚШАЛОВА,

«Кинотану» мамандығының 2 курс студенті
өнертану кандидаты, доцент Н. Мұқышева шеберханасы

Частая сир...

Бір жыл болды мен «ағайды» көрмедім,
Көрмедім мен, көркем сынын, сөзден өрнек өргенін.
Ән салғанын, тамсанғанын театрда өтырып,
Қазылардың алқасында әділ баға бергенін...

Ағай... Сіз кеткелі бір жылдың жүзі болды. Кешегі абітуриент «пістебас», I курста оқытын «қысық көз», III курста өқытын «міх» есейді. Оның жасы жиырма бірге келді. «Театр» дейтін киелі өнерде қызмет атқарады. Бірақ, өлі де сенің дөрістерінді сағынады. «Өмір» мектебінен қарағанда, «Сығайдың мектебін» көп аңсайды.

Фаламторға кіріп, менің жазғандарымды өқып өтырыңдар деуші едіңді. Әшірбек Сығай деп жазсам: «Белгілі театр сыншысы Әшірбек Сығай дүние салды...», «Белгілі театр сыншысы Әшірбек Сығай дүниеден өтті ...», «Мемлекеттік сыйлықтың иегері Әшірбек Сығай 68 жасқа қараған шағында...» деғен сөйлемдерді көріп, көңілім құлазып қалады. Сенбеуші едім, сене бастадым. Театр фестивальдері мен қазақ ақындарының айтысында нәмесе телаарналық бағдарламалардың қазылар алқасынан талғамды ой, қисынды сөз, түйсікті тұжырым күтін... Еріксіз жүрегім театр сыншысы Әшірбек Сығай дүние салған екен гой дейді. Өзің негізін қалап берген «Ес-аймақ» пен «Шабыт» журналына келген, енген меймандардың күрсінісін көрін, шарасыз көндігем. Не десек те, бұл – өмір фой. Өмірдегі өнерде сені іздейтіндер көп. Ал, өнердегі өмірде Әшірбек Сығай дейтін есім мәңгі жасары сөзсіз. Себебі, ол өмірін өнерге арнаған ұлы тұлға. Өнерге тағдырынды арнап айттар жерде айтып, жазар жерде жаздың. Сыншылық парзызынды өтеп, өнер иелерінің галереясын жасап кеттің. Сыншының берген бағасы, сыншының қалдырған таңбасы асыл мұра. Сіз мәңгі өлмейсіз. Себебі, «уақыт» дейтін ұлы сыншы сіз туралы жазуды, айтуды, кітап арнауды бастап кетті. «Уақыт сыншының» қаламына қиял, талабына талғам, шабытына шындық серік болсын!

Мирас ӘБІЛ,
«Театртану» мамандығының 1 курс магистранты

Әйел бақыты...



Аллаға шүкір, екі мың он үшінші жылы мектеп қабырғасына барған қарындасым, міне, үшінші сыныпта оқып жүр. Бос уақытында ата-апасымен сериалдар көретіндіктен бе, тілі де экрандағы кейіпкерлерше қалыптасып келе жатыр. Үш жыл бұрын экраннан көрсетіле бастаған «Келін» телесериалын үзбей сүйіп

көретіндіктен, сол телехикаямен біте қайнасып, жарыса өсіп келе жатқандай. Зерек, әр нәрсөн болмасын тез қабылдал алғатын қарындасым үшін мұндағы тілді ғана емес, болып жатқан оқигаларды да санасына сіңіріп алуы қын емес. Еліктегіш жасқа таяған еліктің лағындағы қызыңғылттың қонымды тәрбиелік жағын қөкейге тоқыса игі еді. «Тегің таза болсын десен, ұлыңды тәрбиелө, ұлтың таза болсын десен, қызыңды тәрбиелө» – дейтін қазақпаз ғой, бүгінгі қара көз қарындасымыз ертеңгі бесік тербетер ана, олардың болашағы кімді де болсын толғандырмай қоймайтыны хак.

Бұраң бел қыздар мен жас келіндерге сабак болатын дүниелер тілтен аз. Жалғыз ғана жаңға медеу болатын бағдарлама – «Әйел бақыты». Жалпы, бағдарлама үш жылға жуық уақыт көрсетіліп келе жатыр. Бүгінгі күнде бағдарламаның жүргізуі – Ләйла Сұлтанқызы. Жобаның жетекшісі – Нариман Қойшыбаев, продюсері – Асыл Альшурина, бас редакторы – Ақнұр Әлімбекова. Ал бағдарламаның көрсетілім ұзақтығы – елу екі минут және аптастына бес рет көрсетеді, жанры – қыз-келіншектерге арналған ток шоу. Әр бағдарламада көтерілетін тақырыптардың шешімін табу арқылы бүгінгі күнде рейтингі жоғары бағдарламалардың бірі болып саналады. Жалпы, жобаның осынша уақыт аралығында талқылаған тақырыптарына тоқталып шолу жасап кетсек: «Күйеүімнің қорлығынан шаршадым», «Күшік күйеу», «Қырық та кеш емес», «Мені ешкім түсінбейді», «Сериалсыз күнім жоқ», «Мен әкемді кешіре алмаймын», «Күйеүіме еркелей алар емеспін», «Әйелін ұратын еркектер», «Зорлықтан кейінгі өмір», « Тағдырыма налимын», «Келініме көңілім толмайды»... Айта берсеңіз, таусылмайды. Көкейге қонымды тақырыптар да жоқ емес, десек те мұндан тақырыптар көпшіліктің алдында экранға шығуға лайық деп санау қын. Біреудің күйеүіне еркелей алмай жүргені немесе зорланғаны, қорланғаны психология пән заңның жұмысы, ал экраннан «Әйел бақыты» деген тақырыпқа лайық мәселелер қозғалған абыз. «Қыз бала жас кезінде екпетінен құласа, әсе келе шалқасынан құлайды», -дегендег осы бір нәзік жандыларға сабак боларлық, ақыл айтарлық әр бағдарламада қонақ болатын казақтың аналары баршылық.

Тарихтың қай бетін парақтасақ та біздер ақылшы апаларымызбен, батыр аналарымызбен, қылышты қыздарымызбен сөзсіз мақтана аламыз. Ол шындық. Кешегі Қаздауысты Қазыбектің ұлы әжесі Айбике анадан, сонау ел билеген Әбілхайыр ханың зайыбы Бопа ханшадан, Қараханың қалындығы Айша бибіден, Данышпан Абайды тәрбиелеген карт ана Зереден, талай істің түйінін шешіп, даналығымен есте қалған, жан тапсырар алдында да маңдайын жайнамаздан алмаған Атақты Бәйдібек бабаның жары Домалақ анадан, Ұлжан мен Ұлпаннан, ағартушы Шоқаның ақ әжесі Айғанымнан, домбыраны

сейлеткен Динадан, тайпа тізгінің қолға алып, тарихтың теренінде жатқан Томиристі қоя тұрып, кешегі елім деп емірсіп жанын шүберекке түйген Әлия, Мәншүк, Ләzzат, поэзия падишасы Фариза, сахна саңлақтары Шара мен Фаридадан бүгінгі қазақтың қыздары мен әйелдері үлгі алса, қазіргідей кейбір келінімен жарысып сылаңдаған әжелер, ерінен қалмай елу грамм ішетін әйелдер, қысқа етегін темекінің шоғына күйдірін, аппақ төсін өзге ұлттқа сүйдіріп жүрген қыздардың рухани құлазуынан айықпақ түгілі ондай дертке шалдықпас па едік, кім білсін? Бүгінде осынау аталмыш ұлты үшін мақтаныш, падиshalардың сараң жолынан таймай, нәзік жандыларға үлгі болып, еркектің қолынан келмейтін ауыртпашылықты сыр бермей, арқалап жүрген батыр да, батыл аналар жоқ емес бар. Бүгінде ортамызда жүрген сол бір апаларымыз бен аналарымызды ұлықтап үлгі тұту – біздің міндегі.

Сол бір сананы улайтың, тәрбиесі жоқ түкке тұрғысыз сериалдардың орынына елге сыйлы апалар мен аналарды бағдарламаға шақырып, ақыл кеңесін тындау қарқаңдастарға ғана емес, барлық жастарға таптырмас қазына емес пе?! Мысалы, ауылдық жерлерде өмір сүріп жатқан он-он бес баланы дүниеге өкеліп, тәрбиелеген батыр аналарды шақырып сұхбат жүргізсе, кешегі өткен халық қаһарманы Бауыржан Момышұлының келіні Зейнеп Ахметова, Өнер мен өмірді үштастыра білген біраз жасты алқымдалап көкейге түйгөні көп ортамызда жүрген Гүлжан Әспетова, Әкімдей атақты классик жазушының көңілін тауып, бала тәрбиесімен шектелмей, шөкірт тәрбиелеп, өзі де шығармаларымен қазақтың атын әлемге танытып келе жатқан Роза Мұқанова, ақын Аққүштап Бақтыгереева сынды апа-аналардың тәрбиесі мен ақылын үздіксіз тынданып, болашақ ананың қандай болуы керек, өзін қалай ұстау қажет деген сынды кеңестерімен бөлісе отырып, қыздарымызға қырық жерден тыйым салып, өзге елдің сериалымен сусындалап келе жатқан қарындастарымызға ұлттық рух, ұят пен ардың қадірін үқтырсақ, тасымыз өрге домалайтыны ақиқат.

Елдің ұсақталмауы өрге де байланысты. Қазақтың өр жігіті қазақтың әрбір аруның арын өз қарындасының намысындағы биік ұстап, қатал өрі алақанында ұстаса, қара көз қарындастарымыз көне салтын күні бүгінге дейін сақтап келе жатқан ингуш халқының қыздарындағы жаны мен тәнін, арын бәрінен биік қояры сөзсіз. Біз соңғы уақытта қазақ қыздарын қызғанбаймыз, өзге ұлт өкілдерімен көңіл жарастырып басқаның тұтінін тұтетуге кеткен қарқаңдер саны жылдан жылға артуы оған дәлел. Қызғану былай тұрын, олардың арын таптап жүргендер де арамызда аз емес, осының кесірінен көкек аналардың көбейгенін көзіміз көріп жүр. Мағжанның тілімен айтсақ, құрметті айбаттылар мен қайраттылар үдеп келе жатқан дерпті алдын алуды өзімізден және өз жақындарымыздан бастайық. Жаңа елдің өскелен жастары бүлініп, ұсақталып, арзандап жатса ол бізге сын. Болашақтың мықты болуы өз қолымызда. Тәуелсіз еліміздің мызғымас іргетасын бірге қалайық. Ақ жаулықты өжелер, алтын құрсақты аналар мен қарқаңдастарымыз аман болғай.

Хакім ХАСАМБАЙ,
«Театртану» мамандығының 2 курс студенті

Қазақ телевизиологияның тарлалы



Бір қалып, бір ізділікке салынып, әр кез ойын жаңарап отырмаса саған деғен халықтың бағасы да өзгеретін рас. Сөйлөр сөзің солғын тартып, әрдайым бір әңгімені төңіректей берсең тағы да саған деғен ой бөлек, тілек басқа болады. Бұл қай кезде болсын дөлелденген тұжырым. Ал, керісінше бұл қағидаға түбегейлі қарсы, қайшы пікір ұстанған – «Ес-аймақ» мәдени-тәнімдық

бірлестігі бұл күндері жемісті еңбек етіп келеді. Құрылғанына азғана уақыт болса да, осы күндері бірлестіктіңabyroyы асқақ, беделі артқан. Бағыты да, бағдары да айқындалған. Ай сайын дәстүрден жаңылмай өткізіліп келе жатқан бірлестіктің әрқашан жаңа ойлар қозғалып, жаңаша пікірлер айтылып келеді. Кездесуге келетін әр тұлғаның да айтар азаматтық ойы біздер үшін өте маңызды да қажетті. Сол себепті әр ай сайын түрлі саланың сандактары шақыртылып, түрлі мамандықтың хас шеберлері бірлестіктің күтті төрінен орын алып жатыр. Осындай еңбек етіп жатқан бас қаладагы өнер ордасы – «Шабыт» шаңырағындағы дарынды білім алушылардың еңбектері өлшеусіз.

Бірлестік жұмысын бастағалы бері әдебиет, театр, музика саласының үздіктері қонақта болып, студенттермен тартымды сұхбат жүргізіп, ерекше ойларымен бөліскең болатын. Ал, бұл жолға келген қонақтың жөні тіпті бөлек-тін. Неге десеніз, телевизия саласы басқа сала ретінде қыын да қызықты, қайнаған қызу процесс. Ал осы салада беріле жұмыс жасаған Сұлтан Оразалының жүріп өткен жолы, жасаған өлшеусіз еңбегі ерекше деп айтуга әбден болады.

Кезінде көгілдір экранда тыннан түрлен салып, Қазақстандагы көркем телевизияның негізін салушылардың бірі һем бірегей Сұлтан Оразалының атқарған аталы еңбектері халық, ел, жас үрпақ, өскелен буын үшін маңызын жоймақ емес. Қазақ теледидарында үлттық болмыстыңabyroyын асқақтатқан хабарларды дүниеге өкелген отандық журналистиканың тарланы – Сұлтан Оразалы Президент сыйлығын иеленген қоғам қайраткері, Қазақстанның еңбек сінірген қайраткері, «Барыс», «Парасат» ордендерінің иегері, жазууни, теледраматург, аудармашы, баспағер әрі сыншы. Қазақ телевизиясындағы «Айтыс», «Қымызхана», «Сұхбат» т.б үш жүзге жуық хабарлардың авторы және жүргізуші болды. Бүгінде Қазақ Ұлттық өнер университетінің профессоры.

Халқымыздың жаны, мәдениеті мен рухын оятушы, соның басында, бастауында жүрген азамат ретінде Сұлтан Шәріпұлына жиылған қауым түрлі сауал қойып, түщымды жауап алулары занды құбылыс еді. Солай болды да. Сол сияқты аталмыш кездесуде қазіргі тандагы қазақ телевизиясының жай-жапсары, бағыт-бағдары, бет алысы жайлы, айтыс өнөрі жайында өзекті, аса маңызды ойлар айтылды. Аудиторияда жиылған түрлі мамандықта оқытын студенттер болса да қайраткердің өсерлі әңгімелерінен өздеріне керекті мағлұматтарды алып қалуға тырысып жатты. Біреу білсе, біреу білмес «Сұхбат» бағдарламасы қазақ телевизиясының ең үлкен бағдарламасының бірі болатын. Оған дейін сол типтес, сол көлемде бағдарлама болған емес. Фабит Мұсірепов, Фабиден Мұстафин, Тахауи Ахтанов, Сапарғали Begalin, Шекен Айманов сынды тау тұлғалармен күрган сұхбаттар, өсерлі де өуезді әңгімелер бүгінгі күні өнпес тарих болып қалғаны рас.

Келген қонаққа асыл үстаз, марқұм Әшірбек Төребайұлы жүргізген, Сұлтан Шәріпұлының қатысуымен өткен «Жансарай» бағдарламасын таспаға түсірін, «Ес-аймақтан» естелік ретінде кездесу соңында арнайы түрде сыйға табыс етілді. Қазақ телевизиясында болмаган бағдарламаларды дүниеге өкелгендің қайраткермен сұхбатымыз осы жолмен тоқтап қалмайтынына сенеміз. Алар тағылым мен санаға тоқтын дүниелер өлі де жетерлік.

Елордадағы көптеген айтулы оқу орындарында осындай кездесулерде болдық. Сол жақтың студенттері қайсібір тұлға бас қосуға, сұхбат алмасуға келеді дегенді естісімен етек-жендерін жинап, тас-түйін дайындалады. Онысы сол кездесуге қатысқан білім алушылардың қойған сұрақтарынан, қайсібір ұсақ-түйекке ойларын бөлмей, үйып тыңдалап отырғандарынан байқалады. Міні, екі жаққа да керегі осы емес пе? Дәл осындай ұмтылыш, осындай белсенділік «Шабыт» студенттерінің бойынын да кеңінен байқалуы тиіс.

Арман АЙТЖАН,
Астана қаласы №2 өнөр мектебінің оқытушысы

Алашқы рет Қалыкейге бағаңда...

Мына күнде қатуланып қабагын ашар емес. Табиғаттың құбылмалы мінезі әркімге әрқалай әсер етеді. Бұлтты күнде керенау күйге жиі түсемін. Осындай көңіл күймен Бәйтерек жақтан жаяу келе жатқаныма да біраз болды. Айтпақшы, бағана бір танысым кешке театрға барамыз деп ескертіп еді ғой.

Қазір мен Қалибек Қуанышбаев театрындамын. Жан-жагыма шолып қарап, қылыштарға беріліп отырмын. Алматыда жүріп Мұхтар Әуезов театрына бейімделіп алған екенмін. Астаналық театрға үйренисе алмай отырғаным анық. Аядай сахна, аядай зал Сол аядай сахнадан қандай актерлөр жарқ етіп шығады екен?! Әлгінде театрға алғашқы қадамымды баса бере, іргедегі «Актер Болат Ыбыраевтың кеші» деген жарнамалық шақыруды көзім шалған. «Мен қалайша бұл театр актерін білмеймін» деп сөл кідіргем.

Шымылдықтың ашылуы сол еді, зал ішін қошеметті шапалақ көрнеп кетті. Қарангы түнде сатыр-сұтыр пойыздың дыбысы естіле берді. Өзімді бір станцияда жүргендей сезиндім. Сахнада «Фасырдан да үзак күн» қойылымы басталып, кейіпкер Едіге шықты. Қолпаштаған шапалақ, қолдап келген жамағатқа бірден үнай кететіндей актер түрпітті кісі екен. Жарқын-жарқын даусынан ләzzat табуға болатындей қоныр үні бар. Сонда бұл кейіпкерді сомдалап жатқан актерді, тіпті кинодан да көрмегенмін бе деп қайранмын. (Мүмкін, театрды рухани қаужа еткен, тек театр үшін деген ұрандағы жан шығар деп те қоямын). Театрға алғашқы сапарым осылай басталып, театрға енбегі сіңген актер Болат Ыбыраевты таныдым. Шеберлігіне тәнгі болдым.

Спектакль аяқталып сыртқа шыққанымда, бұлтты аспанның арты қара суыққа айналыпты. Жаурап та, маужырап келемін. Жатақханадан біраз алыстау аялдамадан түсіп қалып, жаяу тарттым. Автобусқа шатасып мінгеним үшін кінені кімнен іздейін? Осындаға жолдың үзак болып кететінін білемін. Суыққа синалып, «Фасырдан да үзак жолды» кешіп келемін...

Әсет АҚМОЛДА,
«Театртану» мамандығының 1 курс студенті
театртанушы А. Қадыралиева шеберханасы

СЕРКЕ СӨЗ

Қазақтың аса талантты жазушыларының бірі Дулат Исабеков 1991 жылы республикалық телевизионға бас директор болып тағайындалады. Бар өмірі баспа, газет-журнал редакциялары төңірегінде өткөн, теледидар дейтіннен хабары шамалы Дулатқа ол жерге бастық болу оңайга соқпайды. Бірақ бастықтың аты бастық қой: қызметкерлерге пікір айту керек, ортаға ұсыныс тастау керек, жайы келсе ескертпелер де жасаған жақсы, қысқасы «бұл саладан түк білмеуші едім» деп қол кусырып отыра бермей, оларға бағыт-бағдар, жөн сілтеу міндеп. Осы оймен Дулат та қызметінә білек сыйбанып кірісін кетеді. Құдай тағала пәндесін қолдайын десе қолында екен гой, бастық болған алғашқы күндері-ақ Дулаттың өз қызметкерлеріне қатал ескертулер жасаудың, тереңнен әңгіме қозғаудың реті келे кетіпті.

Әдетте, «Уақыт» ақпарат бағдарламасынан кейін республика теледидары көрермен назарына көркем фильм ұсынушы еді гой. Бірде кешкілік сол «Уақыт» пән көркем фильм аралығында экран үш минөт бойы бос тұрып қалады. Ертесінде таң аттай Дулат қызметкерлерін шақырып алып, сол жайтты қатаң ескертін, кезекшілікте болғандарға ұрыса бастайды:

– Бұл барып тұрган жауыздық! – дейді ашуланып. Бұған кім кінәлі, сол кісіні маған шақырындар!

Жаңа бастықтың айбынынан ығып, шеткерірек отырған қызметкерлердің біреуі:

– «Томсон» қызып қалып... – деп ақтала бергенде, Дулат оның сөзін кілт бөліп жібереді:

– Жұмыс уақытында қызып жүрген ол кім? Ондай пияншыкті бүгіннен бастап жұмыстан күу керек! – дейді ол екпінін баса алмай.

– Дулат Исабекович, сіз оны қуа алмайсыз... – деді, топ ортадан тағы біреу күмілжіп.

– Неге қуа алмаймын?! Көк тіреген қолдауы болса да қарамаймын, куып шығам! – дейді Дулат та намысқа тырысып.

– Қуа алмайсыз дегенім... ол темір гой, аппарат, Дулат Исабекович... Сол қызып кетіп сүйтқанша экран үш минөт бос қалған еді...

Сонда Дулат өкінгендей басын шайқапты да:

– Қап, бәлемді... ол онбаған, темір болмағанда көрсетер ем! – деген екен.

Париж театрының сахнасында драматурғ Суменің пьесасы жүріп жатады. Александр Дюма езімнен бірге бір ложада отырған Сумеге алдыңғы жақта үйықтап отырған бір кісіні көрсетіп:

– Суме, пьесаның қандай тартымды екендігін байқаисың ба? – депті.

Келесі кеште театрда Дюманың комедиясы қойылады. Ол Сумемен тағы да ложаға тап болады. Бір кезде Суме Дюманы тұртіп, үйықтап отырған адамды көрсетіп:

– Дюма, сенің пьесанда да үйықтауға болады екен гой, – депті.

Сонда Дюма:

– Е, ол кешегі сенің пьесанда үйықтап отырған мырза, әлі оянбаған гой, – деп жауап қайтарыпты.

Жас әдебиетші өзінше «Гамлетті» аударып, пікірін білу үшін Карапыгинге береді. Мұқият оқып шықкан ол, жас қаламгердің жазбасын өзінә қаратып тұрып:

– Эй, жас пері, оған қалайғана қолың барды-ей?! Онсыз да «Гамлетті» жыбырлаған тірі пәндесі атаулы бірнен соң бірі тырапай асып жатса, сен қолды әріге салып, Шекспирдің өзін өлтіріп тынғаның нә? – деген екен.

Сахнаға жанадан шығып жүрген, бірақ өзін өте қабілеттімін деп ойлайтын бір актер спектакль аяқталғаннан кейіп орыстын ұлы трагигі Н.Рыбаковқа:

– Қалай, соңғы көріністе Дездемонаны жақсы өлтірдім бе? – дегендे:

– Сөз бар ма, бірақ маған Шекспирді өлтіргенін көбірек үнайды, – депті.

Жас драматург Вольтерге өзінің пьесасын оқып беріп күткенде, ұлы драматург былай деген екен:

– Е, иә... бұндай дүниені картайып, атақ-дәрежелі болғанда жазсан да жөн... ал қазір, мықты дүние жазғаның мақұл

Бірде неміс жазушысы Төдор Фонтаңе редактор болып қызмет істеп жүргенінде, біреудін бір топ өлеңдерімен қоса хатын алады. Онда былай деп жазылыпты: «Мен өлеңдерімдегі үтірді әдейі қоймай отырмын. Керек деп тапқан жерінізге өзіңіз қос беріңіз».

Сонда Фонтаңе: «Келесі жолы кілем үтірлерді ғана қойып жіберініз, ал өлеңді мен өзім-ақ жазамын» деп жауап жазып, қолжазбасын қайтарып жіберіпті.

Кымбат ЕЛУБАЕВА,

«Театртану» мамандығының 2 курс студенті



ВЕРА СМАЙЛИ

Вера Смайли айтқан әңгімелер

Астананың салқын кештерінің бірінде шағын өрі заманауи «Has Sanat» галереясында ерекше нәзік көрме болып өтті. Галерея ішіндегі жылы атмосфера адамды бірден жайлы қүйге түсірді. Оған жылы шырайлы, кішіпейіл көрмеге қойылған туындылардың авторы Вера Смайлидің өзі себепкер болды. Көрме мәдени шараның бастаушысы болған өнөрттану ғылымдарының кандидаты, көркем өнөр факультетінің деканы Юсупова Ардақ Кеңесқызының Вера Смайлиге деген құрбылық лебізі мен кәсіби ілімнен басталды.

Жұмыстарға тоқталсақ, көрме «Telling stories» («Әңгіме айту») деп аталады. Шын мәнінде, автордың әр туындылары адам өміріндегі маңызды тақырыптарды баяндайды. Вера Смайли шығармаларына әйел образын арқау еткен, сол арқылы жүрек түкпірінде жатқан сырлы, жан толқытатын ойларын ашқан. Ол өзін қоршаған әлемнен тың құпиялар іздел, көз алдындағы құбылыстарды айрықша сезіне отырып, дүниелерін қайталанбас өнөр туындыларына айналдыра білген. «Аналық сезім», «Бақытты сәт», «Үміт», «Менің анам қиялшыл жан», «Виолончель» жұмыстарынан нәзік жанды әйел табиғатын, ерекше ыргакты новаторлық идеяларды көре аласыз. Ерекше атап өткім келген шығарма – «Апалы-сінілі» туындысы. Әйел адамның тұлға болып қалыптасуына әпкелі-сінілі қарым-қатынастың маңызы зор екендігін деп басып көрсеткен. Туындыдан екі жақын адамдар арасындағы рухани байланысты бірден сезесіз. Екі ой, екі түсінік бір әлемге үштасып бір бүтін болуы автордың туыстық қатынасты ерекше бағалайтынын көрсетеді.

Көрмеде керамикалық мүсіндермен қатар, осы жұмыстардың көлемді фото жұмыстары ілінді. Үшінші суреттерден біз туындылардың байқалмайтын басқа қырларынан көрдік. Осындай жаңашылдықтар әр көрмелерде орын алғып жатса көніл қуанатын еді.

Енді суреткер жайлар бірер сөз қозгасақ, Вера Смайли Алматы қаласында дүниеге келген. Мектеп кезінен көркемсурет, балет үйірмелерінде қатысқан, кейінгі шығармашылығына осы балет өнеріне тән қимыл-козғалыстар, пластика, нәзіктік арқау болады. Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің бейнелеу өнері факультетінде оқып жүріп, көркем өнердің көптеген салаларымен шүғылданған. Батик өнерінде түсті сезінуді, композициялық алуан-турлілікті, сыйықтық техниканы кемеліне келтіріп жетістіктерге жетеді. Сонымен қатар, графикалық дизайнмен шүғылданып жеке дизайн-студиясын ашады. Шығармашылық жолы ізденіске толы шебер кескіндеме, мүсін, дизайн өнерлерін қатар алғып жүреді. Отбасылық жағдайға байланысты Солтүстік Америкада, Оңтүстік Американың бірнеше мемлекеттерінде өмір сүрген. Ол жақтарда да ізденістері күшіне түсті. Өнеріне, өміріне демеу болған жұбайы үнемі колдау көрсетедүен тынбаған, осы жолы да жылы лебіздерімен, ерекше құрметімен жаңынан табылды.

Құрметті өнір сүйер қауым, кештерінізді жағымды көніл-күйге толтырғыныз келсе, жана бастамаларға рухани азық іздесеніз, сіздерді аталмыш көрмені тамашалауға шақырамын.

Ақнұр ҚУАНДЫҚОВА,

«Өнертану мамандығының» 2 курс студенті
Өнертану ғылымдарының кандидаты А. Асылбекова шеберханасы



Әлия Молдағұлованың операдегі орни

Биыл Кенес Одагының батыры – Әлия Молдағұлованың туғанына 90 жыл Ер етігімен су кешкен қанқұйлы соғыс жылдарында өліммен күн сайын тайсалмай бетпе-бет келген қаршадай қазақ қызы небәрі 19 жасында ерлікпен қаза тапты. Осы аз ғана ғұмырында Әлия ерлікке, қаһармандыққа, өрлікке, наымыс пән рухшылдыққа өшпейтін, өлмейтін ескерткіш орнатып кетті.

Қазақ халқының кос жұлдызы Әлия мен Мәншүкті танымайтын қазақ, ерліктерін мойында майтын адам жоқ шығар?! Бүгінде еңбектері ерең арулар, Отан соғысының қаһармандары. Ленинград шайқасында соңғы демі қалғанша, жынысына қармай салмағы ауыр пілтелі мылтығын асынып, елі үшін қанды шайқас ортасына қымсынбастан кірген болатын. Әлия мінезі тік, шыдамды, екі сөйлемейтін ерге тән мәнезімен кішкене күнінен өз қатарластарынан бір қадам алда жүретін. 1925 жылы 25 қазанда Ақтөбе облысы, Қобда ауданының Бұлак ауылында Сарқұлов Нұрмұхаммед және Молдағұлова Маржанның отбасында дүниеге келген. Бала кезінде анасынан айрылып (1933 ж.), кейіннен Алматыда ағасының қолында тұрған, ал 1935 жылдан бастап Ленинград, Красногвардейский ауданы, Гурдин көшесіндегі №46-шы балалар үйінде төрбиленген. Санкт-Петербургтегі 9-орта мектебінде оқыды. Окудагы озаттығы және үлгілі тәртібі үшін Әлия Қырымдагы Бүкілодактық пионерлөр лагері – Артекке жіберіледі. Артекте батырлар тақтасына Рубен Ибаррури, Тимур Фрунзе сияқты батырлармен қатар Әлия Молдағұлованың да суреті енгізілген. Соғыс басталған соң балалар үйінен бірге Ярославль облысының Вятское селосына эвакуацияланған. Вятское орта мектебінен 7-сыныпты бітірісімен Рыбинск авиациялық

техникумына түседі, бірақ көп ұзамай (1942 ж.) ЖШҚӘ-ға (Жұмысшы-Шаруа Қызыл Әскері) майданға жіберу туралы етінші жібереді.

1943 жылы Снайперлер дайындау орталық әйелдер мектебін аяқтайды. 1943 жылдан бастап 54-ші арнайы атқыштар бригадасы 4-батальонының снайпері болған (22-ші әскер, 2-ші Балтық жағалауы фронты). Жау әскерінің 30-дан аса сарбаздары мен офицерлерінің көзін жойған. 1944 жылы 14 қантарда Псков облысының солтүстігіндегі Новосокольники ауданында қаза тапты.

Әлия Нұрмұхамбетқызы Молдағұловаға 1944 жылы 4 маусымда Кенес Одағы Батыры атағы берілді. Ленин орденімен марапатталды.

Бүгінгі күнде есімдері тарих сахнасында алтын әріппен жазылған батыр қыздардың бірі әрі бірегейі Әлия Молдағұлованы халық марапатсыз қалдырмады. Әлия есімімен көшелер, ондаған мектептер (Мәскеудегі № 891 орта мектебі, Шымкенттегі № 29 орта мектебі, Новосокольники № 72 орта мектебі, Оралдағы № 38 орта мектебі), әскери-теніз флотының кемелері, Каспий жүк таситын теплоходы аталған. Актөбе, Астана, Алматы, Мәскеу, Санкт-Петербург, Новосокольники қалаларында ескерткіштер орнатылған. Актөбеде облыстық мемориалды музей жұмыс жасайды. Сондай-ақ, Әлия Молдағұлова туралы деректі фильмдер «Снайперы» 1986 жылғы режиссер Болатбек Шәмшиев, «Алия» т.б әндер туындылары жарық көрген. «Әлия» балеті тек Қазақстандаған емес, шет елдерде көрермен назарына ұсынылып жоғары бағаланды. Мәскеуде өткен қойылым барысында халық Абай атындағы опера және театр актерлері мен бишілерін ерекше ықыласпен қарсы алғып, ең жоғары баға берген. Театрдың директоры Т. Өзбеков «Он сегіз жасар Кенес Одағының батыры Әлия Молдағұловаға арналған қойылымда театр жастары тынбай енбек еткенін айтты. Сондықтан болар, халық бізді өте жылы қабылдады», – дейді басшы.

Роза Рымбаева «Әлия» әнін 1977 жылы Мәскеуде өткен телевестивальде орындалған танымал болған. «Песня-77» номинациясы бойынша бас жүлдөні алған. Тіпті, көрермендер мен өділқазы алқасы әндер туындысының сөзі қазақ тілінде болғанына да қарамай, өлең құдіреттілігін сезінгендігін Роза Рымбаева мақтанышпен еске алуда.

Әлия Молдағұлова қайтыс болғаннан кейін 1944 жылы кенестік газеттердің бірінде ақын Яков Хелемскийдің кезекті поэзия көрнекілігі өлеңі шығарылады. Әлия Молдағұловаға арналған бүл туындының негізгі идеясы арудын ерлігі ұлықтау болатын. Туынды желісінде автор Әлияның өмірін арқау етеді. Г.В.Варшавскийдің естелігі бойынша 4-батальонның мүшесінде Әлия Молдағұлова қызмет еткен. Негізі тапсырма Насва станциясының бойындағы темір жолды кесу болатын. 14 қантар 1944 жылы нәміс әскерлерімен бетпе-бет ауқымы кіші шайқас болды. Тапсырма толық орындалғанымен нәміс әскерлерінің күші басымырақ болды. Осындай қарбалас кезде Әлия Молдағұлова тік тұрып: «Братья, солдаты, за мной!», – деп жауынгерлерге жігер сыйлаған болатын. Осындай ерлігі автордың шабытын оятып, арнауды Әлия Молдағұловаға арнаған болатын.

Әлия Молдағұлова тек қазақ халқының батыры, мақтанышыған емес бүкіл кеніс елінің мақтанышы. Бүгінде жігерліктің, батырлықтың символына арналған аруға қанша әндер туындысын арнасақ та аздық етеді. Өмірінің ең тәтті уақытын соғыс майданына арнап, балалығын шексіз бітпестесей көрінген қанды шайқас аланына айырбастаған уақытты қайтара алмасақ та ерлігін мойындастын, мақтан ететін әндер туындыларын насиҳаттау әрбіріміздің міндеттіміз. Елінің бүгінгідей бейбіт өмір сүруін қалаған Әлия Молдағұлованың ерлігі қазақ батырларының бір көрінісіған. Сондықтан, біз кешегімізді бүгінгімен салыстыра отырып, қазақ қыздарының ерлігіне зор мақтаныш танытып, үлкен тағзым жасаймыз.

Толғанай БӘКЕШ,

Т. Жүргенов атындағы Қазақ Ұлттық Өнер академиясының «Өнертану» мамандығының 2 курс студенті

Чын композиторды чынкытасан Үлпан...

Қазақ Ұлттық өнер университетінде тағы да қуаныш! Өнер ошагымыздың өнөрлі қызы – Үлпан Эбдікәрімова өзінің бойындағы табиғи таланттың дүйім жұртты тәнті етті. Бүгінгі қуанышымыз Бейбітшілік және келісім сарайында өткен Шемши Қалдаяқов атындағы VI Халықаралық ән байқауы турасында.

Ұлттымыздың біргуар композиторының өлмес туындылары қалықтаған кешке КР Мемлекеттік хатшысы Гүлшара Әбдіқалықова, Шемшинің зайыбы Жәмила, үлдары Әбілқасым мен Мұхтар Қалдаяқовтар қатысты.

Биылғы жылы тұғанына 85 жыл толып, қазақ әнінің көгіндегі өшпес із қалдырған Шемши Қалдаяқов атындағы фестивальдің іріктеу кезеңінде он екі әнші өтті. Бас жүлде Қазақ ұлттық өнер университетінің «Классикалық ән айту өнөрі» кафедрасының студенті Үлпан Эбдікәрімоваға бүйірді. 1 000 000 теңге ақшалай сыйлықты оған Мемлекеттік хатшы Г. Әбдіқалықова тапсырды. Үлпан Шемшинің ақындық өнөрінен де хабар беретін «Құшақ жайған қандай адам?» әнінде салып, зор дауыс иесі екенін көрсетті. Қазактың зангар жазушысы Мұхтар Әuezовтің: «ХХ ғасырдың тәбесінен тамып түскен лирика» деп баға берген «Ақ мандайлым» әнінде көрермендер үздіксіз қол соқты. Фестивальдің қазылар алқасының мүшелері: КР Халық әртісі Нұргали Нұсіпжанов, халқымыздың атақты опера әншісі Майра Мұхамедқызы, КР еңбек сінірген қайраткері Азамат Жылтыркөзов және Ш. Қалдаяқовтың ұлы, дирижер Мұхтар Қалдаяқов өнерпаздардың таланттың жоғары бағалады.

Осы тұрғыдан, «Шабыт» журналының ұжымы атынан Үлпанды жеңісімен құттықтай отырып, сұхбаттасқан едік:

- Үлпан, сені жеңісіңмен шын жүректен құттықтаймыз! Осындай үлкен өнер сайысында қатысу қашалықты қынға соқты, жалпы ән байқауларына қай кезден бастап қатысып келесің?

- Байқау өте жоғары денгейде өтті. Мен үшін үлкен мектеп болды. Қазақстанның әр қалаларынан, сонымен қатар көршілес жатқан Қырғызстан, Өзбекстан секілді мемлекеттерден де қатысушылар өз өнерін паш етті. Жалпы, ән байқауларына алғаш рет 6 жасымда қатыстым. Себебі, менін ата-анам, отбасым өнерге жақын, әсіресе музыка саласында тер төккен жандар.

- Сениң байқауда оқ бойы озық шыққаның да ықпалы болған шығар...
- Әрине, біріншіден, Алла Тағалаға мын да бір шүкір, екіншіден, ата-анама, ал үшіншіден, менің үстазым Қазақ Ұлттық өнер университетінің доценті Татьяна Николайқызына алғысым шексіз. Өзі басқа үлт өкілі болса да, Шемши әндеріндегі іірімдерді игеруді, ән болмысын жүрекпен сезінуді үйретіп, бойыма жігер үялатты. Ол кісінің айтқан ақылын, ескертпелерін есте сақтап сахнада өз бойымдағы әншілік өнерді көрермен жүрегіне жеткізуге тырыстым. «Бақ шаба ма, бап шаба ма» демекші, менің де бағым жанған сәт шығар... Барлық қатысушылар өзінше ерекше болды. Барлығы әр қаланың сайдын тасындағы іріктелген жеңімпаздары. Осындай «Қазақ вальсінің королі» Шемши Қалдаяқов атамыздың атындағы байқауда өнер көрсеткеніме бақыттымын.

- Үлпан, сениң жеңісін бір ғана Өнер университетінің ғана емес, қазақ өнөрінің жеңісі! Біз сениң мақтанамыз! Өнер биігінен көріне бер! «Bala Turkvizyop» байқауында өз өнерімен ерекінеленген сіңілің Құралайға да сениң жеңісті жолынды берсін! Шығармашылығыңа зор табыс тілейміз!



Хусейн КАКАБАЕВ,

«Өнертану» мамандығының 4 курс студенті
өнертану ғылымдарының кандидаты А. Юсупова шеберханасы

A crossword grid consisting of 10 rows and 10 columns of squares. Numbered entries are as follows:

- 1: Across, 10 squares long.
- 2: Across, 9 squares long.
- 3: Across, 8 squares long.
- 4: Across, 7 squares long.
- 5: Across, 6 squares long.
- 6: Across, 5 squares long.
- 9: Across, 4 squares long.
- 10: Across, 3 squares long.

1. Сахналық өнөр туындысы қалай аталады?
 2. Театр іс – қымылдары өтетін орынды ңе деп атایмыз?
 3. Театрда сахналатын шығармалардың жиынтық тізімі қалай аталады?
 4. Қ.Куанышбаев атындағы мемлекеттік академиялық музыкалық драма театрындағы «Тіл табысқандар» көйілімінің жанры қандай?
 5. Шекспирдің «Ромео мен Джулєтта» пьесасын қазақ тіліне аударған жазушы-драматург кім?
 6. Театр қойылымының арасындағы үзілісті ңе деп атایмыз?
 7. Сын сардары Ә. Сығайдын жақындаған тұсауы кесілген кітапының аты қалай?
 8. Қазақ театр сахнасына тұнғыш рет «Жанна Д'Арк» туындысын қойған режиссерді атанаңыз.
 9. Фылымда шеберліктің шегіне жеткен туындыны қалай атایмыз?
 10. Сахнада орындаға бағытталған драмалық туындының жалпы сипаттық атауы қалай?

Құрастырғандар: «Театртану» мамандығының 2 курс студенттері

Қара күйде адам

Тұн...

Аспанды қорғасындағы қою, зіл батпан, қорқынышты қара бұлт торлаған. Анда-санда астан-кестен болып күркіреген күмбен астасқан, наизағайдың алапат жарқылы терезеден төніп жанарынмен түйіседі.



Күлімсі иіске көмілген қараңғы қалырық тар бөлме. Жантайған адамның жамбасына бататын сүзілген жұқа көрпеше төсөлген ағаш тесек. Бір бұрышта ернеуінен асып төгіліп қоқыс жәшігі тұр, іші толған темекі қалдықтарымен шемішке қабықтары және шала-пала ішіліп төгіліп шашылған сыра шөлмектерінде сүріп жығылуға болатындағы. Бұл қала шетіндегі тау бектерлей өскен жымысқы орман ортасында оқшау орналасқан екі қабат мейрамхананың күзетшілерге арналған шағын бөлмесінің сиқы. Ішіпде мен басқа тірі жан жоқ. Қаңғыраған қалбыр секілді бос бөлмелер. Бұл жерде бірінші рет болғаннан ба, елегізіп елеңдеп көзім іліндер емес. Иш пыстырмаудың қамын жасаймын деп қалың кітап алып келгем, белгісіз себептермен кібіртіктеп оқығым келмеген соң басыма қойып жастық ретінде қолданым! Қыбыр етпестен шалқамнан жатырмын, үстінгі қабаттағы ас даярлайтын бөлмеден ыдыс-аяқтың салдыр-күлдір еткен ашы дауысы құлағыма кеп күйилды, қолайсыз ауа райымен қосыла шыққан бұл дыбыстар кеудемді көнет үрей биледі. «Қорыққанға қос көрінеді» деген деп өзімді алдарқатып, көнет келген үрейді женіп ұмытуға тырыстым. Қалта телефонмен достарыма тіл шалып уақыт оздырғым келді. Ол да мүмкін болмады, себебі қарызға алынған бірліктің уақыты бітілгі, оның үстінде қуат көзі отыруға шақ қалған екен, үнемдейін деп үнсіз қалтама салып қойдым.

Екі көзім алақ-жұлак етіп тың-тындал жатырмын. Сыртта сіркіреп, жанталасып жаңбыр жауып тұр. Құлағыма тағы да белгісіз дыбыстар еміс-еміс естіле бастады. Мен жалғыз емес екенімін. Екінші қабатта біреудің жүргенін анық сездім. Арлы-берлі жүріп, біресе есіктерді ашып-жауып, біресе крандағы суды сарылдатып ойына келгенін істеп мені мазақ қылышп җүрген секілді. Адам ба? Аң ба? Кім бе? Не ме? Белгісіз. Жүрегім атқақтап мандайымнан салқын тер шығып, таңдайым кеүін, тынысым тарылышп, жаным тағаттыздана бастады. «Осынау мейірімсіз тас бауыр қоғамда нелер болмай жатыр, жазықсыз жандарды жанын азаптап ұрып соғу, одан қалды үрлау, зорлау, тіпті адамзаттың азғаны соншалық өлжуаздардың он екі мүшесін мүшелеп кесіп саудаға салып пайдаға көнелуі, дәмханалардың адам етінен ас даярлауы осының бәрі санасын сілкіп ойланған адамға үрей тудыратыны хақ» – деп, ақылгөйсіп іштей күбірлеп назарымды басқа жаққа аударғым келгенмен нәтиже болмады. Есікten қашан біреу ентелеп кіріп келіп, жанымды сурып алар екен деп қыбыр етпестен жатырмын. Қоғамдағы жан түршіктіретін қай-қайдарғы дүниелер мен оқыған кітаптарымдағы қорқынышты кейіпкерлер есіме еміс-еміс орала берді. Бәрі қорыққаннан.

Есік ашық қалып, ұры-қары кіріп кетті ме деген ой да келді, бірақ ымырт жабыла іштен мықтап тұрып құлыпта алғаным есімде. Не де болса анық-қанығына қоз жеткізгім келді. Сірепін жатқан орнынан әрең көтеріліп, еденге екпетімнен жатып, есіктің астындағы

саңылаудан ақырын сыйгададым. Тірі пәнде жоқ сияқты болған, кеңет біреу жүгіріп өткендей болды, тек сұлбасын ғана көзім шалды. Бірақ түк көрмегендей сыңай танытқым келді.

Екпеттеп жатқанда көгеріп дымқыл тартқан еденнің исі қолқанды қауып, жүргегінді айнытып лоқсытады екен. Сондай жиіркенішті. Бұл қоқыс бұрышы құрт-құмырысқа тарақандардың таңдаулы тамаша мекені іспетті. Жерде жатқанда желкемді жыбырлатып жон арқама қарай жорғалай бастаған тарақанды, алақаныммен шап беріп уысымда умаждап жібердім. Анау аз болғандай, енді мыналар... тұла бойым тітіркеніп кетті. Кім біледі, мәні де біреу умаждап жоқ қылмасына кім кепіл? Артық дыбыс шығармай демімді ішке тартып, асқан шеберлікпен аяғымды аңдып басып барып, сыртқы есікті итеріп кордім. Бәрі дұрыс, тек кіре берістегі әжетхананың жарығы бір жанып, бір сөніп тұрғаны үрей үстінে үрей қосып тұрған жерімде сілейіп, қаттым да қалдым. Не істерімді білмеймін. Тағы да өзімді алдарқата бастадым, жаңбырдың кесірінен электр сымдарында ақау пайда болып, жанып-сөніп тұрған болар деп сөндірдім өзімді. Құллі әлемнің әйнегі шағылғандай шалдыр-құлдір еткен дыбыс естілді де, соны әйел адамның қулкісінен ұқсас ұзын сонар бірденеге ұласып, оның соны ықылышқа атқан адамның дауысына ұқсап барып жым болды. Тәбе қүйқам шымырлап кетті. Зәре құтым ұшып жанымды қоярға жер таптай қаранды қалпырық бөлмеме қайта келдім.

Корқақтығыма қатты жыным үстады. Мәні отбасы құрған, бала-шағасы бар орда бұзар отыздағы жігіт деп кім айтады? Үрейді ұмытып, өмірімнің ең жарқын белестерін ойладап, қиялымда тербеткім келді. Ең алдымен жарыммен шаңырақ құрмай тұрып бірге өткізген есіл күндерді біртіндеп көз алдыма әкелдім. Ол сондай сүйкімді, қылышты еді... Қазірде дәл сондай. Кеңет тұла бойымды қызғаныш оты шарпыды. Мүмкін, ол дәл қазір менің жоқтығымды пайдаланып, басқа еркектің қойнында жатқан шығар деген сұр жылан ой сұман ете қалды. Мен қазір өліп кетсем, әйелім басқа біреумен кететіпдей сезілді. Үрейге қызғаныш сезімі қосылды. Оның үстінен әйелімнің әлеуметтік желілерге жариялаған суреттеріне аузының суы құрып, сілекейі шұбырып жүрген талай еркекті білетінмін. Бүгін өлмеуім керек. Миымның талшықтарында ақау пайда бола бастады ма? Әлде есімнен адастым ба? Түсініксіз кейіптемін. Қалай да бұл жерден зытып бергім келді. Кетуге ыңғайланып қаранды өлмеменің есігін ептеп ашқанымда, оның көлбендерген көлеңкесін анық көрдім. Ол әжетхана жаққа кетті, сол сәтті пайдаланып жалма-жан жүгіріп, екінші қабаттағы ас өлмесінен келдім де, қолыма іліккен қара пышақты алдым. Бір қызығы бұл жердің де жарығы жанып-сөніп тұр. Кім болса да турап тастамақ ниетпен баспалдақты батыл басып, тістеніп төмен түсіп келем. Бұл батылдық бойымда қайдан пайда болғаны беймәлім. Қолымда қара пышақ. Бар ойым бұл елестен құтылу. Мен оны дәл шыға беріс есік алдында көрдім. Бойы екі метрдей енгезердей қара киимдегі ерек адам, көзі көк теңіз түстес мәні кекетіп, ыржалақтап тұрған тәрізді. Бір сөтке жанарымды тайдырып барып, қайта қарағанымда өл жер жүтқандай зым-зия ауаға сіңіп кетті.

Түннің бір уағы...

Жарықты жаққан күйі қалдырып, елесті ішке қамап тастадым да сыртқа шықтым.

Дала қап-қара түнек құшағында. Төпеген жаңбырдың астымен алды-артыма қарамастан, қара жолдың жиегімен ызғытып келем. Үсті басым малмандай су. Анда-санда жарқылдаған жасынның жарық сәулесі қолымдағы қара пышақтың өткір жүзімен шағылысқанда, өткір екеніне көзім жетті. Аяқ асты өзімді мерт қылмасын деп, аса сақтықпен ұстадым. Тағы да қорқынышым үдей түсті, айналаға жамырай өскен қарағай талдың бәрі қарақшы бол елестеді. Мені қаумалап алатындан, үйге жеткенше біраз жүгіре түсуім керек... Жаңбыр сүнін шалпылдатып алға қарай зытып келем... Қеңет, дәл артымнан ықылық аткан адамның дыбысы естілгендей болды. Артыма жалт қарадым, ешнәрсе байқамадым әлде ол менін алдында кетіп бара ма? Тұнгі жаңбырдың ызғарынан қалтырап тона бастадым, танертен ұстіме тек жұқа жемпір мен женіл-желпі спорттық шалбар кигенмін. Бұлай боларын кім білген?

Бір-сараң өткен көліктерге қол көтердім, ешқайсысы тоқтамады. Тек бір такси деген жазуы бар көмірдей қап-қара жаңбыр жуып жылтыратып тастаған «ауди» тоқтады. Қара пышақты жеңіме сұнгітіп жасырдым да, бірден жылы орынға жайғасып мекен-жайды айттым. Ол үнсіз. Қеңет, көзімнің қығымын оның бет әлпетін шолып өттім. Жүргім зу ете қалды, әлгі адам, дәл сол қара киімдегі елес, өз көзіме өзім сене алар емеспін. Тоқта деп айтуға тілім күрмеліп, ләм-мим дей алмадым. Ол мені басқа жакқа алып бара жатқандай сезілді. Әрекет етпесем күримын деп ойладым. Қара пышағымды ақырын алып шықтым да, сол жақ кеуде тұсына сермедім, ол да қорғанып бағуда күші мығым екен, көліктің тежегішін басып тоқтай бере жағымнан шойындағы жұдырықпен зыңқ еткізді. Ол кезде мен оның жүргегіне қара пышағымды қадап үлгерген едім. Ол тілге келмestен жүріп кетті. Мен оны жеңгеніме масаттанып, қорқыныш атаулыдан арылып, жұмыс орныма, яғни каранғы бөлмеме қайта келіп су киімдерінді кептірдім.

Жұмыс уақытым бітіп, таң ата үйге келдім. Эйелім күлімдеп қарсы алды: «Қатты шаршағаннан ба, сұрланып, көздерің кіртиіп кетіпті, жаным» – деп, таңғы шайын құйды. Теледидар қостық, бәрі де бір жаңалықты жерден жеті қоян тапқандай, жеткізуде: «Бүгін түнде қала сыртындағы қара жолдың бойында жан түршігерлік оқиға орын алды, белгісіз біреулер такси жүргізуісін қасақана елтіріп кетті, жүргегіне қадалған қара пышақтан саусақ іздері табылмады...». Эйелім тандайын қағып: «Азған айуан немелер бұларға жалғанда сот жоқ, елдің бәрі сен сияқты мейірбан болса ғой, саған жар болғаныма аллаға шүкір, қайдағы бір адам әлтіргіш айуанмен отасқанда қайтер едім?» – деп, кектене күбірледі. Мен де сөзін қосылған сыңай танытып әйеліме күдіктең қарадым, әйелімді белгісіз біреулерден қызғанатын сияқтымын. Қолымның қызыл қанға боялғанын әйелім білмесе екен! Айтпақшы, жұмысқа бармайтын боп шештім... әйелімнің тапқан ақшасы да жетеді... Оның ұстіне «қара киімді адамды» көргім келмейді.

Таксидегіні ыңғайлас жұмысқа қайта барғанда, мен оны тағы кәргем... Ол өлменті...

Манарбек ХЫДЫРБАЙ,
«Кинотеледраматургия» мамандығының 2 курс студенті
профессор Р. Мұқанова шеберханасы

